

Қазақстан 2022




Жасөспірімдер

Мультииндикаторлық
кластерлік зерттеу

Жасөспірімдер саны: 10-19 жас



Үй шаруашылықтары халқының жынысы мен жас ерекшеліктері бойынша бөлінісі




Бұл жасөспірімдердің әл-ауқаты бойынша шолу жасөспірімдердің өміріндегі негізгі басым бағыттар бойынша ұйымдастырылған:

- Әрбір жасөспірім тірі қалады және гүлденеді.
- Әрбір жасөспірім білім алады.
- Әрбір жасөспірім зорлық-зомбылық пен қанаудан қорғалған.
- Әрбір жасөспірім қауіпсіз және таза ортада өмір сүреді.
- Әрбір жасөспірімнің өмірде тең мүмкіндіктері бар.

Әрбір жасөспірім өмір сүреді және гүлденеді


Белгілі бір дәрежеде жасөспірімдік кезең — өмірдегі ең сау кезең болып табылады. Сонымен бірге бұл кезеңде бүкіл өмір бойы денсаулық пен амандыққа әсер ететін алғашқы мәселелердің белгілері пайда болуы мүмкін. Соған қарамастан, деректер бұл кезеңде көрсетілген медициналық көмектің ұзақ мерзімді әсері бар екенін көрсетеді. Жасөспірімдер жүктілігінің және оған байланысты салдардың алдын алу үшін тиісті контрацепция әдістеріне қолжетімділік өте маңызды. Бұл жасөспірімдерге жүктілікті жоспарлау қабілетін игеріп, жыныстық жетілу кезеңінен өтіп, салауатты әрі өнімді өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Жасөспірімдер арасындағы туу коэффициенті: ТДМ 3.7.2



15–19 жастағы қыздар үшін жасқа байланысты туу коэффициенті: соңғы үш жыл ішінде тірі туған балалар санының сол кезеңдегі осы жас тобындағы әйелдердің орташа санына қатынасы, әрбір 1 000 әйелге шаққанда есептеледі.

Қазіргі заманғы контрацепцияны пайдалану, қанағаттандырылмаған қажеттіліктер және қазіргі заманғы әдістерге деген қанағаттандырылған қажеттіліктер: ТДМ 3.7.1



15–19 жас аралығындағы қыздардың пайыздық үлесі: өзі немесе серіктесі қандай да бір контрацепция әдісін қолданатындар, контрацептивтерге қанағаттандырылмаған қажеттілігі барлар және қазіргі заманғы отбасын жоспарлау әдістеріне қанағаттандырылған қажеттілігі барлар — некелік жағдайына қарай.

() көрсеткіштер 25–49 өлшенбеген бақылауларға негізделген


(*) көрсеткіштер 25 өлшенбеген бақылаудан аз мәліметке негізделген

Әрбір жасөспірім оқиды

Сапалы білім мен мектептегі тәжірибе жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығына, қауіпсіздігіне, қоғамдық өмірге қатысуына және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді. Алайда жасөспірімдер мектептен шығып қалу, ерте некеге тұру, жүктілік немесе ерте еңбекке араласу қаупімен де бетпе-бет келуі мүмкін.


Оқу және санау дағдылары бойынша деректер MICS аясында тікелей бағалау әдісімен жиналды. «Негізгі оқыту» модулінде бастауыш мектептің 2-сыныбына арналған оқу және санау дағдылары бойынша ерте оқыту туралы ақпарат жиналды.

Негізгі оқу дағдылары




10–14 жастағы балалардың 1) мәтіндегі сөздердің 90 % дұрыс оқи алатын, 2) түсіну бойынша үш қарапайым сұраққа жауап бере алатын және 3) логикалық түсінікке қатысты екі сұраққа жауап бере алатындарының пайыздық үлесі.

Негізгі есептеу дағдылары



10–14 жас аралығындағы балалардың келесіні сәтті орындай алатын: 1) сандарды оқу тапсырмасы, 2) сандарды тану тапсырмасы, 3) қосу тапсырмасы және 4) тәуелділікті анықтау мен толтыру тапсырмасы пайыздық үлесі.

Мектепке бару көрсеткіші




Білім деңгейі мен жынысы бойынша түзетілген таза қамту көрсеткіші.

Әрбір жасөспірім зорлық-зомбылық пен қанаудан қорғалған.

Жасөспірімдік кезең – зорлық-зомбылық пен қанаудың кейбір түрлеріне шалдығу қаупі жоғары болатын уақыт. Жыныстық жетілу қыздар мен ұлдардың өміріндегі маңызды өтпелі кезеңді білдіреді. Бұл кезде жыныс, жеңсіздік және жыныстық өзін-өзі тану маңыздырақ бола бастайды, бұл әсіресе қыздар үшін зорлық-зомбылықтың белгілі бір түрлеріне осалдықты арттырады. Сыртқы жыныс мүшелерін алып тастау/сүндеттеу және кәмелетке толмаған жастағы неке сияқты зиянды дәстүрлі тәжірибелер көбінесе жыныстық жетілумен байланысты болады. Сонымен қатар, балалар жасөспірімдік кезеңге аяқ басқан сайын үйден тыс уақытын көбірек өткізіп, қатарластарымен және сүйіктілерімен араласуды жиілетеді. Әлеуметтік ортадағы мұндай өзгеріс көптеген жағынан пайдалы болғанымен, жасөспірімдерді зорлық-зомбылықтың жаңа түрлеріне ұшырату қаупін арттырады.

Балалар некесі: ТДМ 5.3.1



15 және 18 жасқа дейін ресми немесе азаматтық некеге алғаш тұрған 20–24 жас аралығындағы әйелдердің аудандар бойынша үлесі.


Балаларды жазалау



Соңғы бір ай ішінде жазаға тартылған 10–14 жас аралығындағы балалардың пайызы, жаза түрлері бойынша.
*ТДМ 16.2.1 көрсеткішіне жас ерекшелігі бойынша жіктелген деректер.

Әрбір жасөспірім зорлық-зомбылық пен қанаудан қорғалған.

Бала еңбегі – ТДМ 8.7.1*



5–17 жастағы жасөспірімдердің жұмыс түрі мен жас ерекшелігі бойынша бала еңбегіне тартылу үлесі. қм; қолданылмайды
Ескерту: Бұл деректер анықтамалар жолағында көрсетілген жасқа сәйкес шекті мәндерге тең немесе одан жоғары деңгейдегі іс-әрекеттерге тартылған балалардың үлесін көрсетеді.

Бала еңбегінің анықтамасы

5–11 жас: аптасына кемінде 1 сағаттық шаруашылық жұмысы немесе 21 сағаттық ақысыз үй-шаруашылық қызметі.
12–14 жас: аптасына кемінде 14 сағаттық шаруашылық жұмысы немесе 21 сағаттық ақысыз үй-шаруашылық қызметі.
15–17 жас: аптасына кемінде 43 сағаттық шаруашылық жұмысы немесе ақысыз үй-шаруашылық қызметі.
Ақысыз үй-шаруашылық қызметінің сағаттық шегі белгіленбеген.
Шаруашылық қызметі үй шаруашылығына кірмейтін адам үшін ақы төленетін немесе төленбейтін жұмыс, отбасылық шаруашылықта немесе отбасылық кәсіпорында жұмыс істеу. Үй жұмыстарына тамақ дайындау, тазалау немесе балаға қарау жатады.
Бала еңбегінің көрсеткішіне берілген анықтама MICS алтыншы кезеңін өткізу барысында өзгертілгеніне назар аударыңыз. Өзгерістерге үй жұмысының жас ерекшеліктеріне қойылатын шектер мен зиянды еңбек жағдайларын алып тастау кіреді. Бала еңбегі түсінігі жалпы алғанда зиянды еңбек жағдайларын қамтығанымен, ТДМ бойынша есеп беру үшін пайдаланылатын бала еңбегінің анықтамасына бұл шарттар кірмейді.

Әрбір жасөспірім қауіпсіз және таза ортада өмір сүреді

Су, санитария және қол жуу жағдайы



Үй шаруашылықтар мүшесінің пайызы

Мәліметтер үй шаруашылықтары деңгейінде ұсынылған. Тәжірибе көрсеткендей, жасөспірімдердің бұл қызмет түрлеріне қол жеткізу деңгейі үй шаруашылықтарымен шамалас.

Ауыз судың негізгі сатысы (ТДМ 1.4) : Кемінде негізгі ауыз су қызметтері –бұл жақсартылған көз, суды алу уақыты кезекпен бірге екі бағытта 30 минуттан аспаған жағдайда. Жақсартылған ауыз су көздері –бұл өз құрылымы мен құрылымдық сипатына байланысты қауіпсіз су ұсынуға әлеуеті бар көздер және олар мыналарды қамтиды: құбыр суы, ұңғымалар немесе түтікше құдықтар, қорғалған қазылған құдықтар, қорғалған бұлақтар, жаңбыр суы және қаптамадағы немесе жеткізілетін су. Шектеулі –бұл жақсартылған көздер, бірақ суға бару уақыты екі бағытта 30 минуттан асады.

Санитарияның негізгі сатысы: Кемінде негізгі санитария қызметтері (ТДМ 1.4.1/6.2.1) – бұл басқа үй шаруашылықтарымен бөліспейтін жақсартылған құралдарды пайдалану. Жақсартылған санитария құралдары –бұл нәжістің адаммен жанасуын гигиеналық түрде шектеуге арналған және мыналарды қамтиды: құбыр кәріз жүйесіне, септикке немесе шұңқырға қосылған ағынды/жуынды дәретхана; желдетілетін жақсартылған шұңқыр, компостты дәретхана немесе қақпақты шұңқырлар. Шектеулі санитария қызметі –бұл басқа үй шаруашылықтарымен бөлісілетін жақсартылған құрал. Жақсартылмаған санитария құралдарына ашық құбырға ағатын ағынды/жуынды дәретхана, қақпағы жоқ шұңқырлар, қарапайым навес дәретханалар немесетопырақ дәретханалары жатады. Қызметтің болмауы –бұл ашық жерде дәрет сындыру.

Негізгі гигиена қызметі (ТДМ 1.4.1 және ТДМ 6.2.1) –бұл үй ішінде сабын мен суы бар қол жуу орнының болуы. Қол жуу орындары тұрақты немесе мобильді болуы мүмкін және құбырмен келетін раковиналар, шүмегі бар шелек, аяқпен басатын су бағанасы және қол жууға арналған кувшиндер немесе тостағандарды қамтиды.

Мультииндикаторлық кластерлік зерттеу (МИКС) Қазақстанда 2024 жылы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) техникалық қолдауымен Халықаралық МИКС бағдарламасы аясында Ұлттық статистика бюросымен жүргізілді. Қаржылай қолдауды ҰСБ, ЮНИСЕФ, ЮНФПА және АҚБ қамтамасыз етті.

Осы шолудың мақсаты Қазақстандағы жасөспірімдерге қатысты 2024 жылғы МИКС деректерінің кейбір нәтижелерін тарату. Бұл шолуда ұсынылған деректерді MICS қорытынды есебінің SR.4.1, TM.2.1, TM.3.1, TM.4.1, TM.4.2, LN.2.3, LN.2.4, LN.2.6, LN.4.1, LN.4.2, PR.2.1, PR.3.3, PR.4.1W, PR.4.1M және WS.3.9 кестелерінен табуға болады.

Басқа статистикалық шолулар мен осы және басқа зерттеулердің Қорытынды есебі mics.unicef.org/surveys сайтында қолжетімді.